

Бекітемін:

ЖШС «Ажар Ана-2017» бөбекжай
бағдарламасының меңгерушісі:



А.Тұрсынбаева

2023-2024 жыл

Ашық сабақ



Тақырыбы: «Гажайып математика»

Тәрбиеші: Жунисова Т.

Ғажайып математика

Саламатсыздарма құрметті апайлар ? Бүгінгі «Ақжелкен» тобының «Ғажайып математика» атты ашық сабағымызға қош келдіңіздер. ! Балалар барлығымыз орнымыздан тұрып әнұранымызды айтып алайық.



Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастылған оқу іс-әрекеті: «Математика негіздері»

Тақырыбы: Ғажайып математика.

Мақсаты:

1. **Білімділік:** 10 көлемінде сандық есептеу дағдысын дамыту, сандарды тұра және кері санауға, сандар көршісін атауды, алдында, артта ұғымдарын дамыту. Суретті салыстыру туралы білімдерін кеңейту. Апта күндерін атауды үйрету, балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, білімге деген құштарлығын арттыру.
2. **Дамытушылық:** Ойындар арқылы, әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, салыстыру, санау, топтау дағдыларын ойын арқылы дамытып, санамақ айту арқылы сөздік қорларын молайту, ой өрісін дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Балаларды ізденімпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас арқылы татулыққа, достыққа тәрбиелеу.
4. **Көрнекіліктер:** Суреттер, сандар, жұмбақ есептер, видео, теледидар.

Ал енді балалар орнымыздан тұрып шаттық шеңберімізді айтайық

Шаттық шеңбері

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып алайық

Сәлеметсіздерме?

Балалар бүгін біз математика негіздері сабағын өтеміз. Алдымен алған білімдерімізді тексерейік.

Сұрақ-жауап.

1. Бір жылда неше мезгіл бар? 4 мезгіл

2. Бір аптада неше күн бар? 7 күн

3. Ал қазір жылдың қай мезгілі Күз

4. Күз мезгілінде неше ай бар? 3

5. Күз мезгілінің айларын атап беріңдерші : Қыркүйек, қазан, қараша

6. Геометриялық пішіндерді атайықшы. Үшбұрыш, шеңбер, төртбұрыш, шаршы.

Ал біздің балалар екі топқа бөлінді. Топтық жарыс болады. Әр тапсырма орындалғаны үшін геометриялық фигуралардан үй құрастырамыз.



Көркем:

Мен шеңбермін шеңбермін

Осындаймын дөңгелек

Айналамын күн сайын

Барлығы үшін біз керек

Айзере:

Мен үшбұрышпен

Үш жағым бар

Үш төбеден жасалған

Үй төбесіне қарасаң

Мен той сонда отырған



Видео арқылы 1-ден 10-ға дейінгі сандарды бір қайталап алайық.

1-тапсырма

Математикалық жұмбақ есеп.

Үшбұрыш тобына жұмбақ.

1.Тал басында тізіліп

Бес жапырақ түр еді

Жел соқтыда үзіліп

Үшкіп кетті үшеуі

Ікініп тұр әлі

Жапырақтың нешеуі ? Жауабы: Екі жапырақ

2Шеңбер тобына жұмбақ

Алма ағашта жеті алма

Қандай татті жесе алма

Бес алманы жеп қойсам

Қалады сонда неше алма ? Жауабы: Екі алма

Жеңген топ үйдің қабырғасын жабыстырады.



2тапсырма.

Алма ағашындағы есептерді шығарамыз. Ж.Сабина, Айзере

Жеңген топ үйдің шатырын орналастырады

3тапсырма

Адасқан сандар тауып ,тура және кері санау

1 3 4 5 6 7 8 9 10



1 2 3 4 6 7 8 9 10

Тапсырманы орындап болған топ үйдің есігін орналастырады.



Сепірің сәті

Бір дегенде тұрайық

Екі, үш, төрт алақанды соғайық

Оң жаққа бұрылып

Сол жаққа бұрылып

Бір отырып, бір тұрып

Біз жүгіріп алайық

5дегенде асықпай

Орнымызды табайық



4тапсырма

Сандарды сәйкестендір .

Стакандағы сандарды сәйкестендіріп орналастыру.

Жеңіске жеткен топ үйдің терезесін орналастырады.

Осымен тапсырмаларымыз аяқталды. Қайсы топтың үйі құрастырылған болса сол топ жеңіске жеткен болып есептеледі.



Қорытынды:

Бір дегенің жаман баға

Алады оны жаман бала

Екі дегенің нашар баға

Інішегім нашарлама

Үш дегені орта баға

Сапасы да орта баға

Төрт дегенім жақсы баға

Алады оны жақсы бала

Бес дегенің үздік баға

Оқитын бол үздік қана!- дей отырып балаларға оқу жылында терең білім мен тұрақты зейін тілеп қаламыз. Тек жақсы бағаға ғана оқуына тілектеспіз. Жақсы бағаға жетуге бірге әрекет етеміз.